

түрлерінің бейтарап липидтер фракциясында полиенді май қышқылдары көп (қанықпаған май қышқылдарының 70-75 %). Осы балдырлардың липидтерінің қалған фракцияларында моноенді май қышқылдары басым кездеседі.

Алынған нәтижелер тәжірибеге алынған культуралар қанықпаған май қышқылдарының көзі ретінде кейінгі зерттеулер үшін болашағы бар екендігін көрсетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Hempel F., Bozarth A.S., Lindenkamp N., Klingl A., Zauner S., Maier U.G. Microalgae as bioreactors for bioplastic production // Microbial Cell Factories. – 2011. – No.10. – P.81-102
2. P. 594-610. 4 Pahl S.L., Lewis D.M., Chen F., King K.D. Growth dynamics and the proximate biochemical composition and fatty acid profile of the heterotrophically grown diatom *Cyclotella cryptica* // Journal of Applied Phycology. – 2010. – No. 22. – P.165-171
3. Сиренко Л.А., Сакевич А.И., Осипов Л.Ф. Методы физиолого-биохимического исследования водорослей в гидробиологической практике. – Киев: Наукова думка, 1975. – 245 с.
4. Егоров Н.С. Основы учения об антибиотиках. – М.: МГУ-Наука, 2004. – 525 с.
5. Тренкеншу Р.П., Геворгиз Р.Г., Боровков А.Б. Основы промышленного культивирования Дуналиеллы солоноводной (*Dunaliella salina* Teod.). – Севастополь : ЭКОСИ – Гидрофизика, 2005. – 103 с.
6. Куксис А. Липиды. В кн. Хроматография. Практическое приложение метода / под ред. Э. Хефтмана. – М., 1986. – Ч.1. – С. 130.

ӘОЖ 373.3

<https://doi.org/10.53355/e5659-1412-3222-m>

САБАҚТАН ТЫС ЖҰМЫСТАР АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУДЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ

Салгараева Г.И., педагогика және психология магистрі, аға оқытушы
Кунаева Ж.П., Орныхан Б., бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі
мамандығының 4 курс студенттері
Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.

E-mail: salgaraeva78@mail.ru

Мақалада бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік дағдысын дамытуда сабақтан тыс жұмыстардың маңыздылығы мен оны педагогикалық жағдайларда тиімді ұйымдастырылуы қарастырылады.

Тірек сөздер: әлеуметтік дағды, әлеуметтік даму, сабақтан тыс жұмыс, білім беру, тәрбиелеу.

В статье рассматривается значение внеурочной деятельности в развитии социальных навыков младших школьников и ее эффективная организация в педагогических условиях

Ключевые слова: социальные навыки, социальное развитие, внеурочная деятельность, образование, воспитание.

The article examines the importance of extracurricular activities in the development of social skills of younger schoolchildren and its effective organization in pedagogical conditions

Key words: social skills, social development, extracurricular activities, education, upbringing.

Қазіргі қоғамда өмірдің барлық салалары, әсіресе соның ішінде білім беру жүйесіне қатысты инновациялық үдерістер терең өзгеріске ұшырауда. Бүгінгі қоғам сұранысы өзінің

және қоғамның мәселелерін шеше алатын, өзіндік қабілеттері айқын бейнеленген белсенді, дербес, көшбасшы, шығармашыл тұлғаны тәрбиелеу болып отыр. Бұндай әлеуметтік тапсырыс жеке тұлғаның өзін көрсете білудің, өздігінен кемелденудің, табысты әлеуметтенудің негізі ретінде бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік дағдысын қалыптастыру және оны дамыту мәселесіне аса көңіл бөлуді талап етеді

Қазақстан Республикасының бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында бастауыш мектеп жасындағы балалардың тиімді зияткерлік және әлеуметтік дамуын қамтамасыз етуге арналған жаңа педагогикалық құралдарды іздеудің қажеттілігі айтылды. Балаларды отбасылық, мәдени, ұлттық дәстүрлер мен нормалармен таныстыру арқылы оларды әлеуметтендіру үдерісіне ерекше назар аудару тиіс [1].

Білім беру стандарты бастауыш сынып оқушыларын қазіргі жағдайға әлеуметтендіруді, сондай-ақ қоғамның заманауи талаптарын ескере отырып, олардың үйлесімді жан-жақты дамуын қамтамасыз етуге арналған педагогикалық әдістер мен құралдарды жаңартуды қамтиды.

Оқушылармен сабақтан тыс жүргізілетін тәрбие жұмыстары мұғалімнің сабақ үстінде жүзеге асыратын тәрбие жұмысын толықтырады және тереңдетеді, сонымен қатар балалардың таланттары мен қабілеттерін неғұрлым толық ашуға, олардың бір нәрсеге қызығушылығы мен ынтасын оятуға зор үлесін қосады. Оқушылардың бос уақытын дұрыс ұйымдастыру олардың адамгершілік мінез құлыққа жаттығуын ұйымдастырудың формасы болып табылады [2].

Бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік дамуын зерттеу қажеттілігі өзекті, бүгінгі таңда мектептегі білім беру әртүрлі бағыттарда қарқынды дамып келе жатқанын атап өткен жөн: кіші мектеп оқушысының жеке басына және оның бірегейлігіне, сонымен қатар бастамашылдығын, тәуелсіздігі мен жауапкершілігін, әлеуетті қабілеттері мен мүмкіндіктерін дамытуға қызығушылық артып келеді; жас оқушыға дамып келе жатқан тұлға ретінде сапалы жаңа талаптар қойылады, ол өз игілігі мен Отанының өркендеуі үшін одан әрі өмір сүруге қабілетті. Бастауыш мектеп жасында баланың жеке басының негізгі қасиеттері қалыптасады. Сондықтан бастауыш білім беру барысы балалардың зияткерлік және әлеуметтік дағдысының дамуы, ықтимал ауытқуларды уақтылы түзеу, мәдени және отбасылық дәстүрлермен, сондай-ақ жалпыадамзаттық құндылықтармен таныстыру, отбасымен өзара әрекеттесуді ұйымдастыру тұрғысынан өте маңызды.

Оқушының жеке басын қалыптастыруға, оның мінез-құлқын түзету мен әлеуметтік дағдыларын дамытуға көбінесе сабақтан тыс жұмыстар ықпал етеді.

Сабақтан тыс іс-шаралар білім беру мен тәрбиелеудің жалпы жүйесінің маңызды элементі, ол жұмыс істеу ерекшелігіне байланысты бірқатар ерекшеліктерге ие, атап айтсақ: динамикалық, икемділік, мобильділік, өзгергіштік, қол жетімділік және т. б. [3, 132-бет]

Сабақтан тыс білім беру және тәрбиелеу үздіксіз процесс болып табылады, өйткені ол белгілі бір басталу және аяқталу кезеңдерімен шектелмейді, біртіндеп бір кезеңнен екінші кезеңге ауысып, барған сайын күрделеніп сараланып отырады. Бірінші кезеңде сабақтан тыс іс-шаралар ең алдымен, оқушылардың шығармашылық белсенділігі үшін қолайлы жағдайлар жасауға бағытталады, олардың әлеуметтенуі дамыған сайын, мұндай іс-шаралар балалардың шығармашылық жұмыс үдерісінде ынтымақтастығын қамтамасыз етуге, содан кейін тәуелсіз шығармашылық белсенділікке бағытталады, сол арқылы жеке тұлғаның өзін-өзі тану қажеттілігі қанағаттандырылып, әлемді одан әрі шығармашылық қабылдауға деген ұмтылысы дамиды.

Сабақтан тыс педагогикалық жұмыстың білім беруден ерекшелігі, ол балаларға қиын әлеуметтік-мәдени жағдайларда дұрыс шешім қабылдауға көмектесетін мамандандырылған әдістер мен технологияларды қолданады [4, 144-бет].

ҚР Білім беру стандартына сәйкес мектептегі сабақтан тыс тәрбие жұмыс және білім беру іс-әрекеті тұлғалық дамудың келесі бағыттары бойынша жүзеге асырылады:

- 1) жалпы мәдени;
- 2) рухани-адамгершілік;
- 3) әлеуметтік;

4) зияткерлік;

5) спорттық-сауықтыру [1].

Сабақтан тыс жұмыс түрін таңдағанда, оның оқу-тәрбиелік мәнін мақсат, міндет, функция тұрғысынан бағалау керек.

Сабақтан тыс жаппай жұмыс түрлері мұғалімге ұжым арқылы әр оқушыға жанама әсер етуге мүмкіндік береді. Олар басқаларды түсіну, топта өзара әрекеттесу, ересектермен және құрдастарымен ынтымақтастық дағдыларын дамытуды қамтамасыз етеді.

Сабақтан тыс жеке жұмыстармен қатар үйірмелер (топтық) ерекшеленеді, онда сабақтан тыс жұмыстың жаппай нысандары біріктіріледі.

Сабақтан тыс үйірмелік (топтық) іс-шаралар ғылымның, техниканың, спорттың, өнердің белгілі бір салаларында оқушылардың қызығушылықтары мен шығармашылық қабілеттерін анықтауға және дамытуға, олардың бағдарламалық материалды білуін тереңдетуге, жаңа ақпарат алуға, икемділік пен дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік береді [5, 74-бет].

Сабақтан тыс жұмыстардың нәтижелерін келесі деңгейлер түрінде ұсынуға болады [1]:

1) Әлеуметтік білім алу;

2) жанашырлықтың әлеуметтік тәжірибесін алу және негізгі жалпыадамзаттық құндылықтарға көзқарасын қалыптастыру, отбасы, Отан, табиғат, әлем, білім, еңбек және мәдениет сияқты негізгі мәдени және адамгершілік ұғымдарды меңгеру, сондай-ақ қоршаған әлемге құндылық қатынасын қалыптастыру;

3) тиісті мінез-құлық жағдайын таңдау тәжірибесін алу.

ҚР Білім беру стандартына сәйкес Мектептегі сабақтан тыс іс-шаралар үйірмелер мен секциялардағы әртүрлі сабақтар, экскурсиялар және мектеп мұғалімдері мен қосымша білім беру мекемелерінің басшылығымен жүзеге асырылатын сабақтан тыс шаралар арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

Жоғарыда айтылғандардан Білім беру стандартына сәйкес мектептегі сабақтан тыс іс-шаралар жеке тұлғаны бірнеше бағыт бойынша дамытуға бағдарланған деп қорытынды жасауға болады. Мұндайғы зерттеу бағыттарының маңыздысының бірі әлеуметтік жағын қарастырайық, себебі онсыз басқа іс-әрекет түрлері жүзеге асырыла алмайды. Біз әлеуметтік даму қандай да бір дәрежеде сабақтан тыс жұмыстардың барлық түрлеріне қатысты екенін дәлелдеген зерттеушілердің көпшілігінің пікірін қолдаймыз. Мысалы, секциялар, спорттық үйірмелер немесе жарыстар түрінде жүзеге асырылатын спорттық-сауықтыру іс-шаралары басқа қатысушыларға жанашырлық пен бір-біріне жолдастық қолдау көрсетуге бағыттайды, сонымен қатар өзара көмектесу, басқалар үшін қуана білу және жарыстардан қуаныш алу дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді, ал жеңілген жағдайда ренжімей "бастысы жеңіс емес, қатысу" деген ұранды басшылыққа алу көзделеді [1].

Қазіргі уақытта мектептің негізгі міндеттерінің бірі "білім беруде білім алушылардың белгілі бір білімді игеруіне ғана емес, сонымен бірге оның жеке басының дамуына да бағдарлау" мақсат етіледі, яғни оның шығармашылық әлеуеті, бастамашылдығы және өмірге деген белсенді көзқарасы болып табылады, яғни мектептен шыға сала, қазіргі қоғам талабына сай, адам толыққанды азамат, үйлесімді дамыған тұлға, "азаматтық қоғам құндылықтарының тасымалдаушысы" болуы керек [1].

П. И. Пидкасистыйдің айтуынша, оқу іс-әрекеті кезінде әрдайым көріне бермейтін оқушының жеке ерекшеліктері мен қабілеттерін сыныптан тыс және сабақтан тыс жұмыстарда жан-жақты ашуға және оны көрсетуге ықпал етеді. Сыныптан тыс жұмыстардың әр түріне ену арқылы бала өзіндік жеке тәжірибені, практикалық дағдылары мен іскерлігін байыта алады [6, 137 б.].

З.Н. Васильева сыныптан тыс жұмыстардың төмендегідей түрлерін ажыратады:

- *дәстүрлі*: ауызша журнал, сынып сағаты, этикалық әңгіме;
- *пікірталас*: пікірталас, жобаны қорғау, шешілген және шешілмеген құпиялар кеші;
- *ұлттық-салттық*: Ұлттық мерекелер, жиындар, халықтық көңілді ойындар;
- *стандартты емес*: танцевальный ринг, поэтикалық кросс [7 с. 134].

Сыныптан тыс жұмыстардың әлеуметтік бағыты туралы айтатын болсақ, жұмыстың бұл түрі көбінесе баланың адамгершілікке бағдарлануын қамтамасыз етеді, яғни жақсылық пен жамандық, әділеттілік пен әділетсіздік сияқты негізгі адамгершілік категорияларды білуді ғана емес, сонымен қатар баланың эмоционалды бағалауын оның басқаларға, отбасына, жалпы әлемге деген көзқарасын қалыптастыруға ықпал ететінін атап өткен жөн.

Сабақтан тыс іс-әрекетте бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік дамуын педагогикалық қолдаудың тиімді жұмыс істеуі келесі ұйымдастырушылық және педагогикалық жағдайлармен қамтамасыз етілуі мүмкін:

- 1) балалардың қоғамға үйлесімді енуін қамтамасыз етуге арналған әлеуметтік дамудың жеке схемаларын жасау;
- 2) балалардың өзіне және басқаларға деген оң көзқарасын дамытатын рефлексивті әрекетті дамыту;
- 3) бастауыш мектеп педагогтарының осы мәселелер жөніндегі кәсіби сауаттылығы мен құзыреттілігін дамыту.

Жоғарыда аталған ұйымдастырушылық және педагогикалық жағдайларды толығырақ қарастырайық.

Бірінші жағдай бойынша, балалардың қоғамға үйлесімді кіруін қамтамасыз етуге арналған әлеуметтік дағдыны дамытудың жеке жобаларын құру. Бастауыш мектептің білім беру процесін модернизациялау қазіргі қоғамның талаптарына сәйкес келетін және қабылданған нормативтік құжаттарға сәйкес келетін білім беруді дараландырудың жеке әдістеріне көшуді қамтиды.

Педагогикадағы жобалау бойынша балалар мен мұғалімдердің алдағы бірлескен іс-әрекетінің негізгі компоненттерін дамыту түсініледі. Жобалау мұғалімнің іс-әрекетіндегі маңызды сәті болып табылады, өйткені ол алдағы іс-әрекеттің нұсқасын жасауға және күтілетін нәтижелерді бағалауға мүмкіндік береді. Педагогикалық іс-әрекетті жобалау – бұл келесі кезеңдерді қамтитын көп компонентті үдеріс:

- 1) дидактикалық бірлікті таңдауды қамтитын модельдеу, міндеттер мен мақсаттарды анықтау;
- 2) жобалаудың өзі, атап айтқанда педагогикалық процестің тиімді моделін құру;
- 3) құрастыру, яғни шындыққа жақын құрылымды білдіретін педагогикалық іс-әрекеттің егжей-тегжейлі моделін құру.

Білім беру бағыты түрінде жүзеге асырылатын баланың әлеуметтік дамуының жеке сызбасын жобалаудың маңыздылығы келесідей:

- 1) оқушының мақсат қою қабілеті;
- 2) белгілі бір іс-әрекеттің маңыздылығын түсіну;
- 3) өз жұмысының нәтижелерін алдын ала болжау (рефлексия);
- 4) ұжымда міндеттерді бірлесіп шешу; ;
- 5) оқушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, жұмыстың оңтайлы құралдарын, әдістері мен нысандарын таңдау;
- 6) өз іс-әрекетін бағалау және қажет болған кезде оны түзету арқылы жүзеге асырылады.

Жеке білім беру бағыты қазіргі мектептегі баланың қажеттіліктері мен мүмкіндіктеріне барынша жақын, бұл өзара әрекеттесудің әртүрлі педагогикалық жағдайларын біріктіруге мүмкіндік береді. Бұл баланың әлеуметтік дағдысын дамытудағы жеке мақсатты бағдарларды қалыптастыруға бағытталған бағдарламалық материалды игеру дәрежесін, деңгейін және сапасын едәуір арттырады, ал педагогикалық жобалау бастауыш мектептегі оқу үдерісін оңтайландыруға, балалар мен мұғалімдердің бірлескен іс-әрекетінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Екінші ұйымдастырушылық және педагогикалық жағдай – бұл балалардың рефлексивті әрекетін дамыту, бұл оларға басқа адамдарға және өздеріне жағымды қарауға көмектеседі.

Кіші мектеп жаста рефлексия дамыту үшін балаға өзінің даралығын сезіну, кейбір бірегейлігі мен өзінің бағыттылық мүмкіндіктерін ұсынатын алғышарттар қалыптастыру жүзеге асады. Рефлексияның әлеуметтік және жеке тәжірибелерді қалыптастыруда сапа мен

іскерліктерді, өзін-өзі бақылау мен білімді бақылауды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретінін нақтылау қажет.

Балалардың рефлексия қабілеттерін дамыту қажеттілігі Білім беру стандарты бойынша негізделеді, онда ол шешетін негізгі міндеттер көрсетілген: бастауыш мектеп жасындағы оқушының жауапкершілігін, тәуелсіздігі мен бастамасын дамыту, мектепте толық білім алуға ықпал ететін білім беру іс-әрекетінің білімі, дағдылары мен іскерліктерін қалыптастыру. Тиісінше, бастауыш сынып оқушыларында басқарылатын және мағыналы мінез-құлықты дамытуға үлкен мән беріледі. Рефлексия балаға болашақ іс-әрекеттер туралы ойлануға, өз жұмысын құрдастарының тәжірибесімен салыстыруға мүмкіндік береді, бұл "Мен бейнесінің" қалыптасуы басталатын бастауыш мектеп жасындағы бала үшін өте маңызды. Оқушының барабар "Мен бейнесінің" әлеуметтік даму үдерісі барысында, оның сәтті әлеуметтену әрекеттесуіне, ұжымдағы мәртебесін анықтауына, өз мүмкіндіктерін бағалауына, басқа адамдармен қарым-қатынасты табысты құруға және қарым-қатынас барысында жеке қасиеттерін жақсартуға ықпал етеді.

Кіші оқушының әлеуметтік даму процесінің тиімділігі рефлексивті қабілеттер мен рефлексивті белсенділіктің даму ерекшеліктеріне байланысты:

1) рефлексия түрлерінің әртүрлілігі (мысалы, ауызша, балалар шығармашылығының өнімдері және т. б.);

2) бастауыш сынып оқушыларын оларға не болып жатқанын және не істеп жатқанын түсінуге үйрету қажеттілігі (іс-әрекеттің немесе жағдайдың реттілігін талқылау, өз әрекетін бағалау және көңіл-күйдің графикалық бейнесі);

3) бір-бірінің іс-әрекетін белгілі бір уақыт бойы бақылау, бір-бірінің және ересек адамның сұрақтарына жауап беру;

4) сезімдерін вербальды және вербальды емес сипаттау, сезімдер рефлексиясы (мысалы, балалардың қызығушылықтарын, көңіл-күйін білдіру, суреттер, музыка және басқа да құралдарды ассоциациялар арқылы тәжірибеде білдіру).

Сонымен, осы ережелерді қорытындылай келе, бастауыш мектеп жасындағы баланың әлеуметтік дамуындағы рефлексивті әрекетін баланың өзіндік "ішкі диалогын" дамытуға сүйене отырып, әр түрлі балалар іс-әрекетінде өзін тану арқылы әлемнің (әлеуметтік қатынастар әлемі және объективті әлем) бейнесін терең түсінудің ұзақ үдерісі ретінде қарастыруға болатындығын атап өткен жөн, оның негізі мектеп жасына дейінгі баланың жақын ортасының құндылықтарын қабылдау болып табылады. Сондықтан да мұғалімдер өздерінің кәсіби құзыреттіліктерін арттырып, оқытудың ең қолайлы құралдарын, әдістері мен формаларын таңдау арқылы білім беру процесін оңтайландыруы керек.

Үшінші ұйымдастырушылық-педагогикалық жағдай – педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арттыру. Балалардың әлеуметтік дамуын әдістемелік қолдау мәселесін сәтті шешу үшін бастауыш сынып мұғалімі кәсіби құзыреттіліктің белгілі бір деңгейіне ие болуы керек. ҚР білім беру стандартында кадр жағдайларына белгілі бір талаптар қояды, бұл біздің зерттеліп отырған мәселеміздің өзектілігін анықтайды және оның маңыздылығын арттырады.

Зерттеу мәселесін зерделеу жағдайында бастауыш мектеп педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін арттыру бастауыш сынып оқушыларының белсенділігін ынталандыру тәсілдерін қолдану арқылы білім беру процесін жоспарлау және сабақтан тыс іс-әрекетте педагогикалық сүйемелдеу қабілетінен; балаларда адамгершілік-моральдық қасиеттерді қалыптастырудан; өз іс-әрекетінің нәтижелеріне қызығушылық атмосферасын құрудан; әрбір балада патриотизм мен азаматтықты, еңбекке деген құндылық қатынасын тәрбиелеуден тұратын болады.

Мұғалім бастауыш сынып оқушыларын әр түрлі іс-әрекетте педагогикалық бағалау әдістерін игеруі керек, бастауыш мектептің білім беру процесін ұйымдастырудың құралдарын, әдістері мен формаларын таңдаудың орындылығын басшылыққа алуы керек.

Сабақтан тыс жұмыстар бастауыш сынып оқушысының әлеуметтік дағдысының дамуында үлкен мүмкіндікке ие. Оқу сабақтарынан тыс жүзеге асырылатын

шығармашылық белсенділік балалардың қызығушылығын, өзін-өзі тануға және өз таланттарын ашуға деген ұмтылысын тудырады. Кіші мектеп оқушылары мұғалімнің жетекшілігімен барлық іс-шараларға қатысуға дайын тұрады. Міндетті оқу іс-әрекетінен айырмашылығы, сыныптан тыс жұмыстар ерікті негізде құрылады. Сабақтан тыс жұмыстар қатаң реттіліктің болмауымен ерекшеленеді, олар сабақтан тыс уақытта, көбінесе таныс оқу бөлмелерінен тыс, мектеп сабағының қатаң анықталған формасынан өзгеше еркін түрде өткізіледі. Сабақтан тыс жұмыстардың еркін формасы, оның көп бағыттылығы және шығармашылық әлеуеті бастауыш мектеп жасындағы балалардың әлеуметтік және адамгершілік тәрбиесін тиімді жүзеге асыруға ықпал етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасының бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, Астана, 2018 ж., 31.10.2018 No 604.
2. С. Қалиұлы. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. Алматы, 2003.
3. Е.Ю.Рябова, Внеурочная деятельность как средство развития личности младших школьников [Текст] / Е.Ю. Рябова // Перспективы развития научных исследований : сб. тр. науч. конф. – Нефтекамск : Мир науки, 2016. – С.131-134.
4. З.И. Смородинова, Развитие социальной компетентности младшего школьника [Текст] / З.И. Смородинова // Научный альманах. – 71 4. Калинина, Е.А. Развитие социального опыта во внеурочной деятельности младших школьников [Текст] / Е.А. Калинина // Наука и социум : сб. тр. науч. конф. – Новосибирск : СИПСР, 2017. – С.73-75.
5. П. И. Пидкасистый. Самостоятельная деятельность учащихся: Дидактический анализ процесса и структуры воспроизведения и творчества / П. И. Пидкасистый . — М. : Педагогика, 1972 . — 183 с.
6. Л.А. Родионова. Социально-коммуникативное развитие младших школьников как одно из приоритетных направлений образования детей [Текст] / Л.А. Родионова, С.В. Пазухина. // Аспекты и тенденции педагогической науки : материалы III Междунар. науч. конф. Санкт-Петербург, декабрь 2017 г. – СПб. : Свое издательство, 2017. – С.63-65.

ӘОЖ 37.012

<https://doi.org/10.53355/p8066-5070-2618-b>

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ОҚУ МЕН ОҚЫТУДА ЗАМАНАУИ САНДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Сапабекова Д.Қ., «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 4-курс студенті

Оспанбекова М.Н., философия докторы (PhD)

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты, Арқалық қ.

E-mail: Meirgul1976@mail.ru, Sapabekova00@bk.ru

Мақалада Қазақстан Республикасының білім беру саласын дамытуға арналған мемлекеттік нормативтік-құқықтық құжаттар негізге алынып, қарастырылып отырған мәселелерге бойынша жазылған ғылыми еңбектерге талдау жасалған. Бастауыш сыныпта оқу мен оқытуда заманауи сандық технологияларды қолдану мәселесі қарастырылған.

Тірек сөздер: сандық технология, бастауыш білім беру, жаңартылған білім беру бағдарламасы.

В статье проанализированы научные работы по рассматриваемым вопросам на основе государственного регулирования развития образования в Республике Казахстан. Рассмотрено использование современных цифровых технологий в преподавании и обучении в начальной школе.